

# ← Screenshot\_2022...



Тіл тазалығы, ой тазалығы

Алмастай өткір тілің болса, тыңдаладай көркем ойың болса, сабағыңды түрлендіріп, тақырыптың қыр-сырын шәкірт жүрегіне ұялата отырып, ана тілін еркін игерту ұстаздықтың басты міндеті. Әрбір ұстаз сабағын қандай деңгейде игеру қажет. 1.Кәсіби шеберлікті игеру қажет. 2.Шәкірттердің білімі мен дағдыларын, белсенділігі мен ойлау қабілетін қалыптастыру. 3.Сабақты түрлендірудегі оқытушының әдіс-тәсілдері. 4.Өтіліп отырған материалдың ғылымилығы, тереңдігі, идеялық бағыты. 5.Сабақтың тәрбиелік мәні, жеке оқушымен жұмыс. 6.Сабақты талдау, бекіту, оқушылардың білімі мен білігін бағалау. 7.Көрнекіліктер мен техникалық құралдарды тиімді пайдалану.«Шеберліктің белгісі-түрлі әдісті болу», деп кезінде ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынов тектен-тек айтпаса керек. Міне, қазақ тілі менәдебиеті пәнінің берілу деңгейі осы сараптаманы сабағында толық қамтыса білім беру жүйесіндегі кәсіби шеберлігінің шыңдалғаны. Тіл адамның қоғамдық қатынас құралы, ол үремі жетілдіріп отыруды қажет етеді. Оқушылардың сауатты болуы ұстазының да білім дәржесіне, тәжірибесіне, іскерлік қабілетіне байланысты екені мәлім. Сауатты жазу, әдетте, бастауыш сыныптардсн басталатыны белгілі. Қай сатыдан болсын оның негізгі мақсаты оқушыны сауатты жазуға дағдыландыру. Тілді оқып үйрену де математиканы игерумен пара-пар.. Өйткені, тілдің ережелеріде бір-бірімен тығыз байланысты.

